

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Абай болыңыз! Алаяқтар алдау тәсілін тағы жаңартты

Қазақстанда алаяқтықтың жаңа схемалары тіркелуде. Ел тұрғындарына емханаға барғаннан кейін немесе дәрігерге жазылғаннан кейін күдікті қоңыраулар түсе бастайды. Алаяқтар өздерін медициналық мекемелердің қызметкерлері ретінде таныстырып, дербес деректерді (кейде ЖСН-ді) атайды, дәрігердің қабылдауына шақырады және қабылдауға келетінін SMS-код арқылы растауын сұрайды.

Сондай-ақ, алаяқтар өздерін зейнетақы қорының қызметкерлері ретінде таныстырып, SMS арқылы кезекке тапсырыс беріп, Қор кеңсесіне шақыруы мүмкін.

Қаскөйлердің мақсаты - жеке және банктік ақпаратқа қол жеткізу. Бұл ретте нөмірлер мен дауысты өзгертіп, жалған аккаунттар мен мессенджерлерді пайдаланады, деректердің таралып кету қаупін алға тарта отырып, шұғыл жағдай тудырады. Кейде қысымды күшейту үшін «несие мақұлданды» сияқты тіркестерді қолданады.

«БЖЗК» АҚ:

- күдікті қоңырауларға жауап бермеуге;
- SMS-кодтар мен дербес деректерді хабарламауға;
- ақпаратты тек ресми дереккөздер арқылы тексеруге;
- қандай да бір күдік туындаған жағдайда дереу құқық қорғау органдарына хабарласуға кеңес береді.

Алаяқтық әрекеттердің алдын алу мақсатында және сіздің қауіпсіздігіңіз үшін

«БЖЗК» АҚ төмендегілерді **ескертеді**:

- *Зейнетақы төлемдерін рәсімдеу үшін ешқандай делдалдың көмегі қажет емес, комиссиялық төлем алынбайды;*
- *Зейнетақы төлемдерін рәсімдеу заңда белгіленген тәртіпке сай делдалдар мен комиссиясыз жүзеге асырылады;*
- *Жинақтардың бір бөлігін тұрғын үйге немесе емделу ақысын төлеу мақсатында пайдалану тек уәкілетті оператор (екінші деңгейдегі банктер) арқылы жүзеге асырылады;*
- *Мемлекеттік органдардың, банктердің, құқық қорғау құрылымдарының, байланыс операторларының және БЖЗК-ның қызметкерлері телефон, электрондық пошта немесе мессенджерлер арқылы дербес деректерді, банк карталарының деректемелерін, SMS-кодтарды және өзге де құпия ақпаратты ешқашан талап етпейді;*
- *Егер қоңырау шалушы сіздің аты-жөніңізді, тұрғылықты мекенжайыңызды және жұмыс орныңызды білсе, ол оның ресми тұлға екендігін білдірмейді. Қажетті деректердің барлығын түрлі тәсілдермен алуға болады.*
- *"БЖЗК" АҚ қызметкерлері өз жинақтарын аудару, қаржы құралдарына салу, сондай-ақ қандай да бір акциялар сатып алу туралы ұсыныстар жасалатын түрлі роликтерге қатыспайды.*

Естеріңізге сала кетейік: «БЖЗК» АҚ, банк және мемлекеттік ұйымдардың қызметкерлері ешқашан телефон арқылы кодтарды немесе ақша қаражатының аударымдарын сұрамайды.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан

«БЖЗК» АҚ баспасөз орталығы

Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).